

«Марат Оспанов атындағы  
Батыс Қазақстан медицина  
университеті» ҚеАҚ  
Директорлар кеңесінін  
«14» <sup>СОВЕТ</sup>  
20 жылғы  
(№6 хаттама) шешімімен  
«БЕКІТІЛДЕ»



«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамына  
магистратураға қабылдау қағидасы

Ақтөбе қ., 2023 жыл

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Осы магистратураға қабылдау қағидасы (бұдан әрі-Қағида) «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Университет) тұлғаларды магистратураға қабылдау тәртібін сипаттайтын.

1.2. Қағида:

- «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібін анықтайтын, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын және мемлекеттік қызмет көрсетуді іске асыратын «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңының 5-бабы 11) тармақшасына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына;

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына;

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына;

- «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № КР ДСМ-63 бұйрығына 4-косымшасына («Денсаулық сактау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің бұйрығы). Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 шілдеде № 2871 болып тіркелді);

- «2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған білім беру бағдарламалары топтары болінісінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 2 шілдедегі №316 бұйрығына сәйкес әзерленді.

Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- кешенді тестілеу-ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылып, бірнеше оқу пәндері бойынша бір мезгілде өткізілетін емтихан нысаны;

- магистратура – кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде менгеру арқылы тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі;

- магистр – магистратураның білім беру бағдарламаларын менгерген тұлғаларға берілетін дәреже;

- магистрант – магистратурада білім алғышын тұлға;

- үміткер портфолиосы – ғылыми жетістіктер (мақалалардың,

грамоталардың, сертификаттардың, үміткер сөйлеген конференция бағдарламаларының көшірмелері және т. б.) енгізілген үміткердің жеке ісі;

- шекті балл – республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет есебінен білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға немесе ақылы негізде окуға тұсуге рұқсат беретін Типтік қағидалармен белгіленген тестілеудің әр бөлімі немесе пәндері бойынша балдардың минималды жиынтығы;

- сертификат – кешенді тестілеуде жиналған балдарды ресми растайтын белгіленген үлгідегі атаулы құжат.

## **2. МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ**

2.1. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) магистранттарын қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және басқа да көздер есебінен окуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте ЖЖОКБҰ мынадай: 1) білім беру қызыметімен айналысуға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, кері қайтарып алу және одан айыру туралы уәкілетті орган шешім қабылдаған; 2) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарын және әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда, институционалдық аккредиттеу болмаған, кері қайтарып алған, тоқтатылған немесе аккредиттеудің қолданылу мерзімі өткен; 3) мемлекеттік бақылау корытындылары бойынша және (немесе) сот процесі кезеңінде оның нәтижелері бойынша өрескел бұзушылықтар анықталған; 4) білім беру бағдарламаларының тиісті тобына білім беру саласындағы уәкілетті органның Білім беру бағдарламаларының тізілімінен білім беру бағдарламасының болмауы немесе одан шығарылуы жағдайларында қабылдауды жүзеге асырмайды.

2.2. Университет магистратурасына тұлғаларды қабылдау кешенді тестілеу нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

2.3. Университетке шетел азаматтарын қабылдау ақылы негізде, күнтізбелік жыл ішінде Университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеле сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуды Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалады.

2.4. Мерзімді әскери қызмет өткөргеннен кейін үш жыл ішінде мерзімді әскери қызмет өткөрген тұлғаларды бейінді магистратураға ақылы негізде қабылдау ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша тұсу емтихандарының жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткөрген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеле сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

2.5. Шетел тіліндегі құжаттар нотариус куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен қоса ұсынылады. Шетелдік білім беру ұйымдары

берген білім туралы құжаттар 1 (бірінші) академиялық оку кезеңі ішінде тұлғаларды қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

2.6. Құжаттарды қабылдау және тұсу емтихандарын өткізу үйымдастыру үшін университет қабылдау комиссиясын құрады. Қабылдау комиссиясының тәрағасы Университеттің Басқарма тәрағасы - ректоры болып табылады.

2.7. Қабылдау комиссиясының құрамы мен функциялары қабылдау комиссиясы тәрағасының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бүйрығымен бекітіледі.

2.8. Магистратураға тұсушілер үшін қабылдау комиссиясы тұсушілерге жоғары оку орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының тандаулы тобының мәселелері бойынша консультация беруді, кешенді тестілеу рәсімімен танысады жүзеге асырады.

2.9. Магистратураға тұсушілердің өтініштерін қабылдау Университеттің қабылдау комиссиясы және (немесе) акпараттық жүйе арқылы күнтізбелік жылдың 1 маусымынан 15 шілдесіне дейін жүргізіледі.

2.10. Магистратураға тұсуші тұлғалар күнтізбелік жылдың 25-28 тамыз аралығында көрсетілетін қызметті берушіге (Университеттің қабылдау комиссиясы арқылы) (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші) немесе [www.egov.kz](http://www.egov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы (бұдан әрі-портал) «Жоғары оку орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оку орындарына құжаттарды қабылдау және қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі-Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады.

2.11. Жеке басты куәландыратын құжаттар, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті берушіге тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы ұсынылады.

2.12. Қабылдау комиссиясы құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және алушыға өтініш келіп түскен күні құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

2.13. Көрсетілетін қызметтер порталы арқылы жүгінген жағдайда алушыға «жеке кабинетке» мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

2.14. Көрсетілетін қызметті беруші олар келіп түскен сәттен бастап ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді, толық болмаған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол электрондық құжат нысанында өтініш берушіге порталдағы «жеке кабинетке» жіберіледі.

2.15. Көрсетілетін қызметтерді алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушіге көрсетілетін қызметтердің хабарламасын алғаннан кейін күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейінгі мерзімде құжаттардың түпнұсқаларын Университетке қабылдау үшін құжаттардың қабылданғаны туралы алушы көрсетілетін қызметті берушіге хабарлама жібереді.

2.16. Құжаттарды қабылдағаннан кейін Университет басшысы алушының қызметтерін магистранттар қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

### **3. МАГИСТРАТУРАҒА ТҮСЕТІН ТҮЛҒАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

3.1. Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын менгерген тұлғалар қабылданады.

3.2. Келесідей мамандыктар бойынша магистратураның білім беру бағдарламаларын менгеруге ынталы тұлғалардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар:

- **M144 - «Медицина»:** Высшее профессиональное образование по специальности 5B130100 – «Жалпы медицина», 040100 – «Емдеу ісі», 040200 – «Педиатрия», 040600 – «Шығыс медицинасы», 5B130200 – «Стоматология», 5B110400 – «Медициналық-профилактикалық іс» мамандығы бойынша жоғары кәсіптік білім;

- **M140 – «Қоғамдық денсаулық сактау»:** 5B110200 – «Қоғамдық денсаулық сактау», 5B130100 – «Жалпы медицина», 040100 – «Емдеу ісі», 040200 – «Педиатрия», 040600 – «Шығыс медицинасы», 5B130200 – «Стоматология», 5B110100 – «Мейірбике ісі», 5B110300 – «Фармация», 5B030100 – «Зантану», 5B050600 – «Экономика» 5B050700 – «Менеджмент», 5B051000 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару», 5B051300 – «Дүниежүзілік экономика» мамандығы бойынша жоғары кәсіптік білім;

- **M141 – «Мейірбике ісі»:** 5B110100 – «Мейірбике ісі», 5B130100 – «Жалпы медицина», 040100 – «Емдеу ісі», 040200 – «Педиатрия», 040600 – «Шығыс медицинасы», 5B130200 – «Стоматология», 5B110400 – «Медициналық-профилактикалық іс» мамандығы бойынша жоғары кәсіптік білім;

- **M145 – «Медициналық-профилактикалық іс»:** 5B110400 – «Медициналық-профилактикалық іс», 5B130100 – «Жалпы медицина», 5B110200 – «Қоғамдық денсаулық сактау» мамандығы бойынша жоғары кәсіптік білім;

- **M143 – «Биомедицина»:** медициналық, жаратылыштану-ғылыми, техникалық мамандықтар бойынша жоғары кәсіптік білім.

3.3. Магистратураға түсуші тұлғалар Университетке жүгінген кезде «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына окуға қабылдаудың типтік қағидалары» Қазакстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (26.01.2023 жылғы № 29 жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) сәйкес мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) Университет басшысының атына жазылған өтініш;
- 2) жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа) және қосымшасы бар жоғары білім туралы дипломның нотариалды қуәландырылған көшірмесі;
- 3) жеке басын қуәландыратын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін кажет);
- 4) 3 x 4 см өлшемді 6 фотосурет;
- 5) КР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысанындағы

электрондық форматтағы медициналық аныктама;

6) International English Language Tests System (IELTS, шекті балл – кемінде 6,0), IELTS INDICATOR (АЙТЛС Индикатор), шекті балл – кемінде 6,0, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи) шекті балл — кемінде 543 балл, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT) шекті балл — кемінде 60, Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT) шекті балл - кемінде 498, Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/C1 деңгейі), Test DaF-Prufung (Niveau C1/C1 деңгейі), Test de Français International™ (TFI— оқу және тыңдалым секциялары бойынша В1 деңгейінен төмен емес), Diplomed' Etudesen Languefrançaise (DELF, B2 деңгейі), Diplome Approfondide Langue française (DALF, C 1 деңгейі), Test de connaissance du français (TCF — кемінде 50 балл) (болған жағдайда) бағдарламалары бойынша шетел тілі (ағылшын, неміс, француз) бойынша тест тапсыру туралы сертификат;

7) енбек кызметін растайтын күжат (енбек өтілі бар тұлғалар үшін);

8) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстар тізімі (болған жағдайда);

9) шарт жасасуға және оқу шығындарын төлеуге кепілдік беретін хат (кандай да бір мекеме немесе ұйым оқу ақысын төлеген жағдайда магистратураға ақылы негізде түсушілер үшін).

3.4. 3.3 тармағының 6) және 7) тармакшаларында аталған күжаттар түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін түпнұсқалар кызмет алушыға кайтарылады.

3.5. Осы тармақта көрсетілген күжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда Университеттің кабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден күжаттарды қабылдамайды.

3.6. Магистратураға түсуші тұлғалар портал арқылы өтініш білдірген кезде мынадай күжаттарды ұсынады:

1) көрсетілетін кызметті алушының электрондық-цифрлық колтаңбасы қойылған электрондық күжат нысанындағы сұрау;

2) жоғары білімі туралы электрондық күжат;

3) International English Language Tests System (IELTS, кемінде шекті балл - 6,0), IELTS INDICATOR (Айтлс Индикатор), шекті балл - кемінде 6,0, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи) шекті балл — кемінде 543 балл, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL BT) шекті балл — кемінде 60, Test Of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT) шекті балл — кемінде 498, Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/C1 деңгейі), Test DaF-Prufung (Niveau C1/C1 деңгейі), Test de Français International™ (TFI— оқу және тыңдалым секциялары бойынша В 1 деңгейінен төмен емес), Diplomed' Etudesen Languefrançaise (DELF, B2 деңгейі), Diplome Approfondide Langue française (DALF, C 1 деңгейі), Test de connaissance du français (TCF — кемінде 50 балл) бағдарламалары бойынша шетел тілін менгерудің жалпыеуропалық күзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шетел тілін менгергенін растайтын электрондық сертификат (болған жағдайда);

4) енбек кызметін растайтын электрондық күжат (енбек өтілі бар тұлғалар үшін);

5) 3 x 4 сантиметр өлшемді сандық фото;

6) КР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

7) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстар тізімі (болған жағдайда).

3.7. Жеке басын қуәландыратын қүжаттар туралы мәліметтер, жоғары білімі туралы қүжат, медициналық анықтама, интернатураны бітіргені туралы қуәлік көрсетілетін қызметті көрсетушіге «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден беріледі.

3.8. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» ЭЦҚ-мен қуәландырылған электрондық қүжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі.

3.9. Көрсетілетін қызметті алушыға қүжаттардың қабылданғаны туралы колхат беріледі.

3.10. Барлық қүжаттар қүжат тігілетін папкаға тігіледі, парақтары нөмірленеді және қүжаттар тізімдемесіне енгізіледі.

3.11. 3.3-тармағының 2), 3) тармақшаларында көрсетілген қүжаттардың түпнұсқаларымен бірге, олардың нотариалды қуәландырылған көшірмелері ұсынылады. Қүжаттардың түпнұсқалары қайтарылады.

3.12. Магистратураға қабылдау туралы ақпарат және регламенттеуші қүжаттама университет сайтында (<http://www.zkgmu.kz>) және «Платонус» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (ААЗ) арқылы (<https://platonus.zkmu.kz>) арқылы орналастырылған.

3.13. Магистратураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және З (ұш) ЖЖОКБҰ-ға дейін көрсетеді.

3.14. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа катысу үшін окуға түсушілер ЖЖОКБҰ-ға күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін:

1) өтінішті (ерікті нысанда);

2) жоғары білімі туралы қүжатты (түпнұска);

3) кешенді тестілеу сертификаты және шетел тілін менгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шетел тілін менгергенін растайтын халықаралық сертификаттың көшірмесін (олар болған жағдайда) (магистратура үшін);

4) енбек кітапшасының көшірмесін (болған жағдайда);

5) жеке басын қуәландыратын қүжаттың көшірмесін ұсынады.

3.15. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурс білім беру бағдарламаларының топтары бойынша кешенді тестілеу және/немесе қабылдау емтихандарының балдарына сәйкес өткізіледі.

3.16. Білім беру грантын беру жөніндегі конкурска өтініш бергенге дейін окуға түсушінің Ұлттық білім беру деректер базасында (ҰБДБ) «білім алушы» мэртебесі болмауы тиіс.

#### **4. ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНДАРЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

4.1. Денсаулық сактау бағыты бойынша ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар кешенді тестіледі күнтізбелік жылдың 1-15 тамызы аралығында тапсырады:

1) тандау бойынша бір шетел тілінен тест (ағылшын, неміс, француз);

2) білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест, тандауы бойынша қазақ немесе орыс тілінде;

3) білім алуға дайындығын анықтауға арналған тест, тандау бойынша қазақ немесе орыс тілінде;

Денсаулық сактау бағыты бойынша бейінді магистратураға түсуші тұлғалар кешенді тестілеуді тапсырады:

1) білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест, тандауы бойынша қазақ немесе орыс тілінде;

2) білім алуға дайындығын анықтауға арналған тест, тандау бойынша қазақ немесе орыс тілінде.

4.2. Магистратураға ағылшын тілінде окуға түсептін тұлғалар кешенді тестілеу тапсырады, оған ағылшын білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест және тандау бойынша қазақ, орыс немесе ағылшын тілдеріндегі окуға дайындығын анықтауға арналған тест кіреді.

4.3. Кешенді тестілеуді өткізу «Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

4.4. Кешенді тестілеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі айқындастын Кешенді тестілеу өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы өткізеді.

4.5. Магистратураға кешенді тестілеуді өткізу кезінде тәртіптің сақталуын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің уәкілетті өкілдері камтамасыз етеді.

4.6. Кешенді тестілеудің бейіндік пәндері көрсетілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

4.7. Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратура үшін кешенді тестілеудің тест тапсырмаларының саны 130:

1) шетел тілі бойынша тест – 50;

2) окуға дайындықты анықтауға арналған тест – 30;

3) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест — 50, оның ішінде: бірінші бейінді пән бойынша — 30, екінші бейінді пән бойынша — 20.

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратура үшін кешенді тестілеу бойынша ең жоғары балл - 150 балл.

4.8. Бейінді магистратура үшін оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға түсушілер үшін кешенді тестілеудің тест тапсырмаларының саны 80 құрайды:

- окуға дайындықты анықтауға арналған тест — 30, оның ішінде: сынни ойлау бойынша — 15, талдамдық ойлау — 15;

- білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест — 50, оның ішіндегі бірінші бейінді пән бойынша — 30, екінші бейінді пән бойынша — 20.

Қазақ немесе орыс тілінде оқытатын бейінді магистратура үшін кешенді тестілеу бойынша ең жоғары балл саны — 100 балл; ағылшын тілінде оқытатын бейінді магистратура үшін — 100 балл.

4.9. Кешенді тестілеуге оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға түсушілер үшін З сағат 55 минут, бейінді магистратураға түсушілер 2 сағат 40 минут беріледі.

4.10. Өтініш берген, бірақ рұқсаттамада көрсетілген күні кешенді тестілеуге қатыспаған оқуға түсушіге мынадай дәлелді себептер бойынша тиісті тестілеу тілі және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бар дәрісханада орын болған жағдайда кешенді тестілеуді өткізу кезеңіндегі келесі күндердің бірінде катысу мүмкіндігі беріледі:

1) денсаулық жағдайы бойынша «Денсаулық сактау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бүйрекімен бекітілген № 035-1/у нысанына сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы болған кезде;

2) тізбесі «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне айқындалған жақын туыстарының қайтыс болғанын растайтын құжаттар болған кезде;

3) төтенше жағдайларда.

4.11. Шетел тілін менгерудің жалпыевропалық күзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шетел тілін менгергенін растайтын халықаралық сертификаттары бар тұлғалар мынадай емтихандар бойынша магистратураға шетел тілі бойынша қабылдау емтиханынан босатылады:

- *ағылшын тілі* - International English Language Tests System бағдарламалары бойынша (IELTS, шекті балл - кемінде 6,0);

- IELTS INDICATOR (АЙТЛС Индикатор), шекті балл – кемінде 6,0;

- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP (ТОЙФЛ Ай Ти Пи) шекті балл – кемінде 543 балл;

- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT) шекті балл – кемінде 60 балл;

- Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT) шекті балл – кемінде 498 балл;

- *неміс тілі*: Deutsche Sprachpruefung fuerden Hochschulzugang (DSH, NiveauC1/C1 деңгейі);

- Tes tDaF-Prufung (NiveauC1/C1 деңгейі);

- *француз тілі*: Test de Francais International™ (TFI – оку және тыңдалым секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес), Diplomed'Etudes en Langue française (DELF, B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue française (DALF, C1 деңгейі), Test de connaissance du français (TCF – кемінде 50 балл) (болған жағдайда);

4.12. Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ аяқтаған және Экономикалық ынтымактастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу

органдарының мамандандырылған аккредиттеуі бар тұлғалар 5 жыл ішінде қазак немесе орыс тілінде оқытатын магистратураға кешенді тестілеудің «Шетел тілі» (ағылшын тілі) тестілеу блогынан босатылады.

4.13. Кешенді тестілеудің нәтижелері олар өткізілген күні жарияланады. Кешенді тестілеу нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады ([www.testcenter.kz](http://www.testcenter.kz)).

4.14. Кешенді тестілеуді тапсырған жылы қайта тапсыруға жол берілмейді.

4.15. Кешенді тестілеу нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жанынан апелляцияларды қарау жөніндегі Респубикалық комиссия құрылады. Респубикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бүйрығымен бекітіледі.

4.16. Кешенді тестілеуді қағаз форматта өткізу кезінде кешенді тестілеуді өткізудің әрбір пунктінде апелляциялық комиссиялар құрылады. Апелляциялық комиссиялардың төрағалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бүйрығымен бекітіледі.

4.17. Респубикалық апелляциялық комиссия магистратураға түсетін тұлғалардың тест тапсырмаларының мазмұны және техникалық себептер бойынша өтініштерін қарайды.

4.18. Апелляциялық комиссия және (немесе) респубикалық апелляциялық комиссия жоғары оқу орнынан кейінгі білімдегі білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қабылдау (шығармашылық) емтиханының немесе кешенді тестілеудің нәтижелерін апелляцияға берген тұлғаның өтініші бойынша шешім қабылдайды.

4.19. Магистратураға түсуші тұлғалардан апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына немесе ҰТО ақпараттық жүйесі арқылы түсуші жеке өзі береді. Өтініш қабылдау емтиханының және кешенді тестілеудің нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия өтініш берген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

4.20. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіппен жұмыс істейді. Егер тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

4.21. Апелляциялық комиссия өтінішті қаралған кезде апелляцияға берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

4.22. Кешенді тестілеуді қағаз форматта өткізген кезде кешенді тестілеуді өткізу пунктіне апелляциялық комиссиясы кешенді тестілеу нәтижелерін апелляцияға берген тұлғаға балл қосу туралы шешімді қабылдайды. Апелляциялық комиссия кешенді тестілеу өткізу пунктіне апелляцияны қарау нәтижелерін Респубикалық апелляциялық комиссияға береді.

4.23. Респубикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссия ұсынысының негіздерін қарайды және апелляциялық комиссияның ұсынысы келіп түскеннен, кейін бір күн ішінде шетел тілі бойынша қабылдау емтиханының нәтижелерін немесе магистратурада оқу үшін кешенді тестілеу нәтижелерін апелляцияға берген тұлғага балл қосу туралы шешім қабылдайды.

4.24. Тестілеуді электрондық форматта өткізген кезде окуға түсушінің апелляцияға өтініші тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде қабылданады. Өтініштің негізделгенін Республикалық апелляциялық комиссия тестілеу өткізілген күннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күннен 5 (бес) күнге дейін карайды.

4.25. Апелляциялық комиссиялардың шешімдерін комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тен болған жағдайда комиссия тәрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссиялардың жұмысы тәраға және комиссияның барлық мүшелері кол қойған хаттамамен ресімделеді.

4.26. Қабылдау емтихандарын және кешенді тестілеуді өткізу кезінде тәртіпті сақтау мақсатында кешенді тестілеуді өткізу пункттеріне және ЖЖКОКБҰ-ға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің өкілдері жібереді.

## 5. МАГИСТРАТУРАҒА ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ

5.1. Магистратураға қабылдау мынадай балл жинаған қазақ немесе орыс тілді ғылыми-педагогикалық магистратураға кешенді тестілеу қорытындысы бойынша: шетел тілі бойынша тест – кемінде 25 балл, окуға дайындығын анықтауға арналған тест – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест – кемінде 14 балл (бір дұрыс жауапты тандаумен - 7-ден кем емес, бір немесе бірнеше дұрыс жауаптарды тандаумен 7-ден кем емес) қазақ немесе орыс тілінде оқытатын магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес жүзеге асырылады.

5.2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша окуға конкурстық негізде кешенді тестілеу және (немесе) түсу емтиханы бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар қабылданады:

- 1) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін-кемінде 75 балл;
- 2) ағылшын тілінде оқытатын магистратура үшін-кемінде 50 балл;
- 3) бейінді магистратура үшін-кемінде 50 балл.

5.3. Окуға түсуші үшін кешенді тестілеудің тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау мынадай түрде жүзеге асырылады:

1) бір дұрыс жауапты тандау тапсырмаларында-дұрыс жауапты тандау кезінде бір балл, қалған жағдайларда нөл балл беріледі;

2) бір немесе бірнеше дұрыс жауаптарды тандау тапсырмаларында: барлық дұрыс жауаптарды тандау үшін екі балл, жіберілген бір қателік үшін - бір балл, жіберілген екі қателік үшін – нөл балл беріледі.

5.4. Шетел тілі (ағылшын, неміс) бойынша тест тапсыру туралы сертификаты бар тұлғаларға 100 балдық бағалау жүйесі бойынша ең жоғары балл есептеледі.

5.5. Магистратураға түсу емтихандарын сәтті тапсырған, бірақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бөлінген орындарға конкурс бойынша өтпеген тұлғалар магистратураға шарттық (ақылы) негізде қабылдануы мүмкін. Қабылдау Қабылдау комиссиясының шешімі негізінде тараптар білім беру қызметтерін ақылы көрсету туралы шарт жасасқаннан кейін жүзеге асырылады.

5.6. Ақылы негізде магистратураға тұлғаларды қабылдау қазақ немесе орыс тілінде оқытатын ғылыми-педагогикалық магистратураға кешенді

тестілеу үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кешенді тестілеу корытындысы бойынша жүзеге асырылады: кемінде 75 балл, бұл ретте шетел тілі бойынша-кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауапты таңдау арқылы -кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау арқылы-кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтау тесті бойынша – кемінде 7 балл. Тұлғаларды бейінді магистратураға ақылы негізде қабылдау кешенді тестілеу нәтижелері бойынша кешенді тестілеу үшін бағалаудың 100 балдық жүйесінің шкаласына сәйкес қазак немесе орыс тілінде оқытатын бейіндік магистратураға: кемінде 50 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауапты таңдау арқылы-кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауаптарды таңдау арқылы-кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл.

5.7. Ақылы негізде ағылшын тілінде оқытатын магистратураға тұлғаларды қабылдау ағылшын тілінде оқытатын магистратураға кешенді тестілеу үшін 100 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кешенді тестілеу корытындысы бойынша жүзеге асырылады: кемінде 50 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша-кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауапты таңдаған арқылы-кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау арқылы – кемінде 7 балл.

5.8. Шетел тілін менгерудің жалпыеуропалық күзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шетел тілін менгергенін растайтын шетел тілі (ағылшын, француз, неміс) бойынша тест тапсырғандығы туралы сертификаттардың бірі бар тұлғаларға республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет каражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына катысу үшін өтініш берген кезде, сондай-ақ ЖЖОКБҰ ақылы негізде қабылданған кезде 50 балл есептеледі.

5.9. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар күнтізбелік жылдың 5 қыркүйегіне дейін жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының топтары бөлінісінде жоғары оқу орындары арасында одан әрі қайта бөлу үшін өтінім түрінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдарға кайтарылады.

5.10. Бірінші кезекте жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тиісті тобы бойынша тұсу емтихандарының нәтижелері бойынша ең жоғары балл алған үміткерлері бар ЖЖОКБҰ өтінімдері қанағаттандырылады. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының осы тобы бойынша үміткерлер болмаған кезде қайта бөлу жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлаудың тиісті бағыты ішінде жүзеге асырылады. Дайындық бағыттары бойынша үміткерлер болмаған кезде қайта бөлу білім беру саласының ішінде жүзеге асырылады. Игерілмеген орындарды қайта бөлу уәкілетті органның бұйрығымен күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін бекітіледі.

5.11. Университет денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға күнтізбелік 10 күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі корытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

**Құрастырған:**

<b>№ p/c</b>	<b>Т.А.Ә.</b>	<b>Лауазымы</b>	<b>Қолы</b>	<b>Күні</b>
1.	Кошмаганбетова Г.К.	Магистратура және докторантуралар бөлімдерінде жетекшісі		22.05.2023

**Согласовано:**

<b>№ p/c</b>	<b>Т.А.Ә.</b>	<b>Лауазымы</b>	<b>Қолы</b>	<b>Күні</b>
1.	Рамазанова А.А.	Қабылдауда комиссияның жауапты хатшысы		22.05.2023
2.	Урумбаева А.Н.	Заң бөлімдерінде жетекшісі		22.05.2023